

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанында Тіл комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 1166 . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Тіл саласында біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, ұлт тілдерінің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу, халықтың ұлттық-мәдени талаптарын қанағаттандыру қажеттігін негізге алып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанында Тіл комитеті құрылсын .

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитетіне :

- Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңын жүзеге асыру және оның орындалуына бақылау жасау ;

- республиканың Тіл туралы Заңының сақталуын қамтамасыз ету, Қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметін, қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-қимылдарын үйлестіріп отыру;

мемлекеттік ұтымды тіл саясатын, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметінің аясын кеңейту мен оны дамыту жөнінде кешендік бағдарламалар әзірлеп, жүзеге асыру ;

республикадағы ономастикалық және терминологиялық жұмысты үйлестіру, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ономастика және Терминология комиссияларының, Қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде құрылған Республикалық үйлестіру кеңесінің қызметін қамтамасыз ету ;

- тіл заңдарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар әзірлеу жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- мемлекеттік тіл саясаты мен тиісті бағдарламаларды жүзеге асыру жөнінде шараларды қаржыландыру үшін қажетті қаражат қарастырсын;

- Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитетін қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешсін ;

- бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті туралы Ережені бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК